

Д. КЕНЖЕТАЙ

ИАСАУИ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ МӘНІ

Сопылық философиядан сөз қозғау — оның дүниестанымдық ұғымдары мен категориялық құбыльстарын анықтаудан басталады. Ал сопылық категориялардың мазмұны сопының хәлі сиякты әрбір сопылық тариқат шенберінде құбылып, өзгеріп отырады. Оның үстіне бұған әрбір сопылық жолдың тарихи кезеңдеріндегі қолданған ұғымдарының ете құбылмалы екендігін қоссаныз, нақтылыққа жету ете қыын. Дегенмен, әрбір сопылық тәжірибелің ұстанған жолы мен ерекшелігін анықтайдын мәдени кеңістікте сакталған сан ғасырлық іздер бар. Сопылық тәжі-рибе – “адамдық менині” ешқандай сезім немесе ақылдың көмегінсіз, Тәнірмен тікелей байланысқа тұсу тәжірибесі. Оны тілмен жеткізу қыын болғандықтан, анализ жасау да мүмкін емес. Мұндай хәлді жеткізуде тіл, ойлау құралдары дәрменсіз. Сөзбен түсіндірудің мүмкін еместігі – сопының жеке тәжірибесі, басынан өткен хәлі болуында жатыр. Бұл хәл – трансцендентальдық мәндегі құбылыс болғандықтан оны сөзбен айшықтау, бұл хәлді басынан өткізбеген кісіге түсіндіру одан да қыын. Сопылардың “лам йазуқ үа лам йағриф”, яғни “таптаған білмейді” деген сөзі осы хәл үшін айтылған. Соңдықтан сопылар хәлдерін түсіндіру үшін символдар, антропоморфты ұғымдар, метафора, тенеу, сиякты ауыспалы мағынадағы символдық-бейнелі терминдер қолданады. Сопының хәлі – үздіксіз процесс. Сопының өзін физиологиялық әрі психологиялық бақылау процестері – аз ұйқы, аз ас ішу, ораза тұту сиякты тәндік жаттығулар (рия-зат), белгілі бір уақыт адамның және бүкіл сезім мүшелерінің сыртқы әлеммен байланысын үзу (қылуует немесе узлат), ішкі әлемін арылту арқылы бүкіл ойлау қабілетін бақылауга алып, ынтастын тек “Тәнірдің үйі – көнілге” аударып, Одан басқа барлық әлемнен өзін абстрактілеу процесі. Нәтижесінде адам құмарлық атаулыдан қол үзіп, құдайлышқа ақиқаттарды тікелей қабылдауға дайын айна хәліне келе алады.

Сопылық тәжірибелін адамға қояр тарабы да оны өз еркімен жасаудағы мақсаты да осы рухани арылуды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мақсат – Алланың дидарына ұласып, Алланың Бірлігі мен Сипаттары ішінде еру деген сөз. Бірлік – «Фана хәлі» адамның әрі дүниеден, әрі өзіндік менинен толығымен айрылу хәлі. Сопылықта адамның еркі мен менинің еріп «жоқ болуы» суфиді негізгі мақсатқа жеткізтер саты, психотехникалық әдіс болып табылады [1]. Бұл мақсат адамның өзінің рухани сипат-

тарының Алланың бірлігі мен эпитеттері ішінде «жоқ болуды» білдіреді. Сопылық түсінік бойынша бірлік (таухид) – нәпсіден арылудың соңғы сатысы. Алланың сипаттарында адамдық сипаттардың «жоқ болуы» дегеніміз, адамның Аллаға немесе Алланың адамға айналуын білдірмейді. Бұл да тілдің мүмкіндіктері арқылы берілген суфидің хәліндегі құбылыштардың түсіндірмесі ғана. Яғни, адам рухани дамудың, кемелдіктің қай сатысында болса да, ол адам болып қалады. Тәнірі де тәнірі болып қалғандықтан, бірлік кезінде осы негізгі шындық өзгермейді. «Мен – сен» сиякты екілік хәлден бірлік сатысына жеткен суфи, өзін «Ана – ал-Хақ» деп, бүкіл жаратылған болмыстарды «Бірдің ақиқатының көрінісі» деп таниды. Өзін де сол «Бірдің» ішінде деп сезінеді. Сонында суфи «болмыстың бірлігі» күйінен арылған сон рухани тыныштық пен кемелдік ішінде өзін ғаламмен үйлесімділікте, бірлікте сезінеді. Осы хәл арқылы суфи өзін Тәнірдің жаратқан құлы екендігі сырына қанығады. Өзін жаратылған ретінде Жаратушыға деген жауапкершілікті терең сезіну хәлі – сопының “рухани кемелдік” хәлі болып табылады.

Байқасаныз, сопылық философияның ең басты мәселесі – адам және оның рухани кемелдігі екендігі анық сезіледі. Тәнірді тануды және Оған қауышуды мақсат еткен сопы, “өзін таныған Хақты да таниды” деген ұстаным негізінде өзінің ішкі және сыртқы әлемін терең тануға көніл беледі. Яғни сопылар Ақиқатпен тұтастыққа жетудің жолы адамды танудан, оның сырларын ұғынып, таба білуден басталады деген қорытындыға келген. Соңдықтан да сопылар әуел бастан-ақ адам деген сырлы күмбезді жан-жақты зерттеп, түсінуге ұмтылған және адамның мәні рух деп білген.

Сопылық философиядағы Болмыстың Бірлігі теориясы келамдағы таухид мәселесімен бірлікте жүйелі арнаға тұсті. Сопылықтағы болмыс туралы концепциялар арқылы адам әлемнің орталығына айналды. Дәлірек айтқанда, сопылық философиядағы уақыт ішінде қалыптасқан концепциялық тұжырымдар мен құбылыштарды анықтау үшін қолданылған ұғымдарды және олардың мазмұндық категориялық ерекшеліктерін түсіндіру үшін жазылған сопылық рисалалар мен мактубаттар (сопылық жайында жазылған трактаттар) негізінде болмыс мәселесі философиялық тұрғыдан да қарастырыла бастады. Адамның жаратылыс мақсаты, Тәнір алдындағы міндетті сопылық философиядағы болмыс

теориясының қалыптасуына ықпал етті. Бұл жағдай Болмыстың Бірлігі теориясын нығайтумен қатар “хәл іліміне” де рационалдық түргыдан түсініктеме беріп, категориялық негіздеуге мүмкіндік берген болатын.

Сопылық философия бойынша болмыс атауларының барлығы Тәнірдің махаббаты арқылы жаратылған. Абайдың да “...Махаббатпен жаратқан адам затты” деген ойының түп-теркіні осы сопылық философия болып табылады. Тәнірдің болмыстарды жаратуының себебін “Мен құпиялы қазына едім, танылғым келгендіктен болмыстарды (махлукатты) жараттыйм” мазмұндас қасиетті хадистен табуға болады. Яғни бұл хадисте жаратудың мақсаты – Тәнірдің танылуы деп түсін-дірілген. Сопылар осы болмыс әлемінің жаратылуының мәні мен сатылары (манзил-мақам) туралы көптеген түсіндірмелер жазған. Мысалы, сопылық терминологиядағы “бес құдайлыш мәртебе” (ал-хазарат-ул хамса) немесе “жоғарыдан тәмен қарайғы жаратылыстың жеті баспалағы” (таназзулат-ус саб’а) концепцияларында сопылық онтологиялық түсініктің мәні көрсө-тілген. Сопылық онтологиялық жаратылыс теориясына сәйкес Хорасан сопылық мектебінде (“лаұт”, “жабарут”, “малакут” және “насут” әлемдері) болмыс мәртебелерінің сатылай көрініс беруінің (тажалли) нәтижесінде “өз ішіне топтас-тырушы мәртебе” (мар-табат-ул жами’а) деп аталатын адам пайда болған.

Осы “қасиетті жарату” деп аталатын Тәнірдің көрініс мәртебелері форма мен мазмұн қатынасы арқылы өзара байланысқан Тәнірдің “зат” (жауњар-субстанция) мәртебесінен бастап мазмұннан формага қарай өту сатылары – процестер жүйесі “тұтастық шынжырынан” тұрады. Яғни әрбір мәртебе өзінен кейінгі мәртебенің мазмұны әрі мәні болса, өзінің алдындағы мәртебенің формасы, әрі көрінісі (тажалли) болып табылады. Жинақтап айтқанда барлық болмыс мәртебелерінің мазмұны мен мәні ұлы Тәнірдің “зат” (жауњар-субстанция) мәртебесінен жаратылған. Тәнірдің сатылай көрініс беру процесінде оның “зат” мәртебесінен сипаттары, одан Тәнірдің көркем есімдері, одан іс-амалдары, яғни физикалық (шахадат) әлем пайда болған. Осы физикалық әлемнен бұрынғы Тәнірдің көрініс (тажалли) мәрте-белерінің барлығын жалпы “ғайып әлемі” (яғни, метафизикалық әлем) деп атайды. Бірақ осы “қасиетті жаратылыс” ақыратының түсіндірмелеріне қарап Тәнірдің көрініс мәртебелерін үақытпен шектелген немесе аяқталған құбылыс деген қорытынды шығаруға болмайды. Өйткені құрандағы “...Ол әр тыныс сайын, әр күн сайын басқа бір көріністе (мәртебеде) болады” (Kur'an., Rahman/29;) деген мазмұндағы аят бойынша, жаратылыс үнемі жал-

асып отыратын, ұдайы қозғалыстағы құбылыс болып табылады. Бұл құбылыс сопылық терминологияда “феномендердің жаңалануы” (таждаддуд-ул ‘амсал) немесе “жаңадан жарату” (халқ-ул жадид) ұғымы арқылы берілген. Жоғарыда айтылған “қасиетті жаратылыс” шынжырының соңғы буыны болып табылатын адамның хәлі айрықша. Өйткені адам жоғарыдағы мәртебелердің барлығын өз рухында топтастыруши ерекше болмыс. Сондықтан да адамға “топтастыруши немесе жинақтаушы мәртебе” деген ең жоғарғы атақ берілген [2]. Барлық әлемнің мәртебелері мен қасиеттерін өз бойына жинақтаған адамды “микрокосмос” – кіші әлем (а’лам-ус-суғра), -деп те атайды. Яғни адам – әлемнің кіндігі, мазмұны, негізгі мақсаты дәре-жесінде тұр. Өйткені Тәнірдің “Мені танысын” деп жаратқан болмысы – адам болғандықтан ол барлық болмыстардың жаратылыс себебі болып табылады. Адам болмаса басқа болмыстар жаратылmas та еді. Олардың жаратылыс мақсаты – адамның қызметтің қамтамасыз ету. Сондықтан да адам – ең басты мақсаттық болмыс. Бұл шындық құран аяттарына негізделген (Kur'an., Isra/70; Kur'an., Casiyye/13; Lokman/20; Hac/65; Kur'an., Tin/4; Kur'an., Ahzab/72; Kur'an., En'am/165; Fat'r/39; Yunus/14.).

Адам осындай жаратылыс ерекшеліктерімен “жаратылған болмыстардың ішіндегі ең құттысы” (ашраф-ул маҳлукат) ретінде әлемдегі маңызды орынға ие болып отыр. Адамзат “ең құтты, құрметті” және “ең көркем жаратылыс ерекшелігімен” (ахсан-ул-такуим), “аманат тасуышы” Тәнірдің “жердегі халифасы (орынбасары)” ретінде басқа болмыстардан “ақылы, ерік-жігері артық, перштеден де жоғары мәртебеде” жаратылып, Тәнір өзінің тіршілік (хайят), ғылым (илм), ерік (ирада), құш-қабілет (кудрат), есту (сами’), көру (басар) және жарату (такуин) сияқты мәндік сипаттары арқылы адамда көрініс (тажалли) тауып отыр. Сопылық философияда адамға осындай маңыз беруінің себебі оның “адамдық рух” (ар-рух ал инсани) деп аталатын “құдайлыш субстанцияға” (ал-жауњар ал-илаһийа) ие болуында жатыр. Бұл жауџар адамға ғана тән, әрі ол Тәнірден берілген (Kur'an., Sa'ad/72;).

Сондай-ақ сопылық философияда адам “ұлғаю-есу” және жануарлық қуаттары арқылы физикалық әлеммен ортақ ерекшеліктерін сактаса, ал “адамдық рухы” арқылы метафизикалық әлемнің ерекшеліктерін көрсетеді. Адамдағы көnlілдің өзі жауњар ретінде бірнеше “рухани қабаттардан” тұрады. Сопылық философияда оларды рет-ретімен “қалб”, “рух”, “сыр”, “сырдың сырьы”, “құпия”, “ішкі құпия” деп атайды. Бұл рухани құмбездер –

рухтын дәрежелері. әрбір дәреже жеті немесе он сатыдан тұрады. Олар рухтын кемелденуіне сай “тәуба”, “қылует” “пакырлық”, “сабыр”, “иман”, “қанағат” сиякты жеті түрлі сатыдан өтеді. Рухани тәрбиеден (сайр-ус-сулук – рух тәрбиесіндегі даму жолдары мен әдістерін қамтитын сопылық психотехникалық әрі практикалық мектеп) өтпеген адамда жоғарыдағы дәрежелердің ішіндегі “көніл көзі ашылмаған” деп есептеледі. Бұл әл-Фарабидың тілімен айтқанда, “рух белсенді санаға көтерілмеген” деген сөз. Ондай адам тек нәпсінің қажеттіліктері мен құлқынның құлды болудан әріге бара алмайды.

Адам бұл әлемге “көркем іс пен амал” шенберінде синақтан өту үшін жіберілген (Kur'an., Mylk/2;) және жауапсыз жаратылыш емес, жауапкершілігі (Kur'an., Кәуама/36;) бар аманат тасушы болмыс. Олай болса адамның әлемдегі уәзипасы – өзінің діні бойынша “көркем іс-амалдар” атқару арқылы рухындағы сырлар мен “рухани күмбездердің” құпиясын ашып, “кемел адам” дәрежесіне жетіп, “таухид” шындығына ұласып, Ақиқатқа (Тәнірғе) қауышу. Яғни, адам осы жолда бірнеше сатылардан өтуі керек. Иасауи бұларға “даријалар”, “асулар” деп қарайды. Олардың біріншісі – дін жолында көркем іс-амалдар атқару; екіншісі – рухтың сыры мен мәніне жету; үшіншісі – кемел адам болу; төртіншісі – таухид шындығына жету; бесіншісі – Хақпен қауышу. Осы асулардан өту үшін әртүрлі психотехникалық-эмпириялтық әдістер де қолданылған. Жалпы, сопылық дүниетанымдағы адамның басты мақсатына жету жолында қолданған әдістемелік жүйесіне қысқаша ”әлмес бұрын елу” деп анықтама беруге болады. Бұл жолды адам өз еркін және қалауымен таңдағандықтан, сопылар оған “ерікті өлім” деп те қарайды.

Сопылық философиядағы “ерікті өлім” процесі “сайр-ус сулук” деп аталатын рух тәрбиесін-дегі даму жолдары мен әдістерін қамтитын сопылық психотехникалық мектептен өтеді. Осы мектептен өтпеген адам физикалық (суфли-ең тәмен) әлем мен метафизикалық (“улви-ең жоғар-ғы”) әлем арасында қалып кояды. Жаратылыс табигаты жағынан адам жоғарыда айтылған екі әлемге де ортак болғандықтан сопылық терминологияда адамды “көпір әлемі” деп те атайды. Адам осы екі әлемге де аланда тұратын болғандықтан да оның рухын “калб” дейді. калб – екі әлемді тұтастандырып сомдайтын, қалыпқа түсі-ретін құш. Адам материалдық, биологиялық, сонымен қатар психологиялық болмыс. Оны материалды әлемге қарай бағыттап тұратын ішкі жағымсыз психологиялық кедергілердің көзін “бұйыруышы нәпсі” (нафс-ул ‘аммара) деп атайды. Ал адамдағы “адамдық рух” (инсаны рух) деп аталатын жа-

уар әрдайым өзінің негізі — Тәнірмен қауышуды қалайды. қазақтардағы “көн қатса қалыбына барды” немесе “әр нәрсе негізіне тартады” деген ұстаным жоғарыдағы құбылыс үшін айтылған сиякты. Яғни адамда өзара қарама-қарсы екі құш (жан мен тәннің азықтары – рух пен нәпсі) үздіксіз курес ішінде болады. Егер адам рухын азықтандыратын жолға түсіп, нәпсінің жеңетін болса, рухани кемелдікпен дамиды, ал керісінше нәпсінің қолшоқ-парына айналса, онда негізгі мақсатынан ауытқып, дүниенің немесе құлқынның (суфли – ең тәменгі әлем – нәпсі зынданының) құлды болғаны. Ондай адамдарға құран: “олар хайуан сиякты, одан да бетер, ең тәменгі дәрежеде” (Kur'an., A'raf/179; Furkan/44;) деп баға береді.

Адамның жоғарыдағы “ерікті өлім” жолына түсіп, асқан асулары мен дарияларын жинақтауши терминмен “рухани жоғарылау жолы” (сайр-ул ‘урожи) деп те атайды. Осы рухани даму жолының асулары – нәпсіні тәрбиелеудің мақсат ететін рухты тәрбиелеудің техникалары мен жаттығу (риязат) және нәпсімен құрес (мужахада) әдістерін таңдаған сопыларда “нафс-ул ‘аммара”, “нафс-ул лаууама”, “нафс-ул мулхима”, “нафс-ул мутма ‘инна’, “нафс-ур радијийә”, “нафс-ул мардиййә” және “нафс-ул камила” деп аталатын рухты нәпсіден арылту мәртебелері; ал “махабbat пен “рухани шабыт” (экстаз) әдісін таңдаған сопылық мектептерде “қалб”, “рух”, “сыр”, “сырдың сыры”, “њафи”, “ањфа” (лати’ф-ус сittа – алты рух дәрежелері) деп аталатын рухани күмбездер бар. Адам осы асулар мен дариялар арқылы рухани кемелдену жолынан өтіп, нәтижесінде кемел адам мақамына ұласады. Бұл рухани жолды жүріп өту осы жазып, сипаттап отырғанымыздан онай шаруа емес, әрине. Бұл жол – өте терен маҳабbat пен ерік-жігерді, сабыр мен қайратты қажет ететін, соқпағы бітпес, соны жок жол. Адамның мәннендіктен арылмай, дүние мен материядан қол үзбей, қысқасы көнілді Тәнірден басқа барлық нәрселерден арылтпай тұрып, бұл жолдың соқпағына түсіуінің өзі бос әурешілік. Сонымен катар бұл жолда ұстазсыз, пірсіз жол табу да мүмкін емес. Бұл ауыр жолдың азығы да, көлігі де адамның қалбіндегі – маҳабbat. Маҳаббатсыз адамдық та, Хаққа қауышу да жок.

Сопылық философиядағы болмыстың мәні кемел адам [3]. Болмыстың жаратылуы мен тіршілігінің себебі – адам. Адам әлемнің “құтбы”, яғни әлемнің тірегі, орталығы, астанасы. Ол сырт-тай халықпен, іштей (яғни рухымен) Хақпен біртұтас. Рухымен Тәнірғе қауышқан адам синагогада, мешітте, монастырда, пұтханада – қай жерде болмасын өз үйінде жүргендей сезінеді. Өйткені оның

ұғымында діннің барлығы да адамды Тәнірge бағыттауды қамтамасыз ете алады. Сондықтан бұл жол қал емес, хәл ілімі.

Сопылық дүниетанымда, жалпы ислам мәдениетінде кемел адам сипатын адамзат тарихында ең жоғарғы дәрежеде көрсете білген тұлға – Хз. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар. Сопылық философияда Хз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) руханияты (рухы, нұры, ақиқаты) болмыстардың пайда болу мәртебелерінің алғашқы сатысын (ат-та ‘ййунат-ул ’ула), ал тарихи болмысы пайғамбарлық шынжырының соңғы буынын (хатам-ул ’анбийай’и) құрайды. Хз.Мұхамметтен бұрын да Тәнірден талай пайғамбарлар (124000 пайғамбар) “аян” әкелгенімен, ұмытылып қалып отырған. Құран — Тәнірлік ақиқатты ұмыттырмайтын Тәнірдің сөзі. Құранның жеті атының бірі – “Зикр” (еске салу) болуының себебі де сондықтан. “Адам” сөзі араб тілінде “ұмытқан” немесе “ұмытшак” (нисайан-инсан) деген мағынаны білдіретіндігі туралы тафсир кітаптарында айтылады. Сопылар адамның осы “ұмытшактығымен” күресу үшін ерекше методология ойлап тапқан. Оны “зикр (еске алу) теориясы” деп атайды. “Зикр” арабша “еске алу”, “терен ойлау”, “естен шығармау”, “өткен хәлдерді ұмытпай, тағылым алу” сияқты мағыналарды білдіреді. Зікір – рухтың дамуы үшін қажет азық. Зікір, сұхбат, рухани шабыт сияқты техникалар мен құралдардың мақсаты — құранда айтылатын “тасқа айналған, бұзылған, түмшаланған, ауруға шалдықкан жүректі” айықтырып, сауықтырып емдеу, сол жүректі Тәнірді сүйе алатын дәрежеге жеткізу. Яғни зікір — санадағы шан-тозаңдарды сілкіп, “алғашқы ақиқаттарды” санада, рухта қайта жаңғырту, әрі рухтың Тәнірмен бірлігін баянды қылу үшін ұмытшактық пен ғафләттен күтылу болып табылады. Түпкі мақсаты — “ал-мисақ” әлеміндегі алғашқы рух хәлімізді еске салу, соған оралуға кедергі келтіретін барлық құнә – жамандық атаулыдан қашуды, нәпсіден арылуды әрдайым адамға ескертіп отыру. Сонымен қатар зікір ислам дүниетанымында қалғы Тәнірге бағыттаушы ең басты гибадат болып табылады. Өйткені зікір адамның “иман” дәрежесінен “ихсан” мәртебесіне көтерілуіне ықпал ететін рухани қуаттың көзі.

Сопылық тәжірибе адамға ішкі тазалық, рухани тыныштық, бақыт сыйлайды. Ал ішкі тыныштық адамға үш түрлі пайда береді: біріншіден, адамның рухы мен сана әлемінде тепе-тендік орнайды; екіншіден, адам өзін қоршаған сыртқы әлеммен үйлесімділікте болады; үшіншіден, Тәнірмен рухани тұтастықта болу арқылы адам кемелдікке (кулдық дәрежесіне) жетеді. Өзін іштей арылтып, кемелдікке жеткен адам “қоғамға” орлады. Өзінің бойындағы

танымдық-моральдық, кісілік құндылықтары арқылы қоғамдық дерптің дауасы болады. Осы жолдағы оның ең басты ұстанымы – “ұлғі болу, басқаларға өнеге көрсету”[4]. Сопылықтағы ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысты, ондағы сұхбат-диалог және оқу-тәрбие әдісінің жүйелі түрін тариқаттан көруге болады. Бұл әдістің басты ерекшелігі — адамзатқа ұлғі болу, яғни өзін қасап үйрету және көрсету арқылы тәрбиелу. Жалпы сопылық философияда адам – басқа ешқандай философиялық жүйелерде кездеспейтін дәрежеде жоғарғы мәнге, ерекше орынға ие болмыс.

ӘДЕБІЕТ

1. *Hucviri. Kasf – ul Mahecub.* Istanbul, 1982. 102-6.
2. *Tyrer O. Tasavvuf Dinciuncede Insan.* “Tasavvuf (Ilmi ve Akademik Araştırmalar Dergisi)”. Ankara, 2001. Ocak/sayı:5, (9-15 ss.);
3. *Досаї К.* қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Түркістан, 2004.
4. *Altentao H. Tasavvuf.* A.B.I.F.D., Cilt: XXXI., Ankara Üniversitesi Basımevi. Ankara, 1989. 73-83 ss;

Резюме

Рассматриваются философские аспекты и суть мировоззрения Ясауи. Анализируются основные категории, принципы, идеи, касающиеся духовного воспитания. Сущность совершенства человека раскрывается с позиций ценностей современного общества.

Summary

In this article the philosophical aspects and the essence of Yasaw's worldview is considered. The main category, principles, ideas concerning spiritual upbringing are analyzed. The essence of perfection of human being is examined as the value of modern society.